

«Кең негізгі орта мектебінің» КММ – жанындағы «Күншуақ» шағын орталығы 2023-2024 оқу жылы

Кемшіліктер мен ескертулер олардың шешу жолдары

Мәселелерді талдау барысында оларды шешудің оң жолдары белгіленді. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша төмендегідей міндеттер анықталды.

1. Мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру мақсатында тәрбиеленушілердің уәждемесін арттыру қажеттілігі.

- Зияткерлік және шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету.
- Дарынды және оқуға ынталы тәрбиеленушілерді психологиялық сүйемелдеуді оңтайландыру.

1. Материалдық-техникалық базаны жаңарту қажет. Заманауи жабдықтар мен жабдықталған оқу кабинеттерінің үлесін арттыру.
2. Тәрбиенушілердің біліктілігін арттыру қажет.

11-тарау. Қорытынды мен ұсыныстар

Мемлекеттік аттестация материалдарына жүргізілген талдау «Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімінің Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің жанындағы «Күншуақ» шағын орталығы 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша қызметін көрсететін бөлімдер бойынша жасалды.

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде аттестаттау комиссиясының мүшелері «Ақмола облысы білім басқармасының Жарқайың ауданы бойынша білім бөлімінің Кең ауылының негізгі орта мектебі» КММ өзін-өзі бағалау қорытындысын шығарды:

1. Мектептің білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқығын белгілейтін құрылтай, рұқсат беру құжаттарына: білім беру қызметі мен айналысуға арналған лицензияға және медициналық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензияға сәйкес жүзеге асырылады.
2. Шағын орталықтың жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалады, сабақ кестесін мектеп директоры бекітеді.
3. Ыңғайлы және қолжетімді білім беру ортасы қамтамасыз етіледі (іс-шараларда).
4. Мектептің тәрбие қызметі оқу және тәрбие бағдарламалары, жалпы мектептік кешенді тәрбие жоспары негізінде құрылды.

5. Кітапхананың оқу қоры жаңа буын оқулықтарының түсуіне байланысты ұлғаюда.
6. Білім деңгейін арттыру мақсатында тәрбиеленушілердің білім сапасына тұрақты негізде талдау және мониторинг жүргізіледі.